

"Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы № 88 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қазанда № 30352 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8596 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшибаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы

Г. Пирматов

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2022 жылғы 20 қазандағы
№ 88 Қаулыға
қосымша

Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары (бұдан әрі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары) жүзеге асыратын сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды.

2. Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, "Сақтандыру қызметі туралы", "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы", "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.

3. Нұсқаулықта сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтарын есепке алудың екі әдісі: сыйлықақыны бөлу әдісі мен бағалаудың жалпы моделі көзделеді.

Нұсқаулықта көзделмеген бухгалтерлік жазбалар "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы", "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2-тарау. Сыйлықақыны бөлу әдісі бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есебі

1-параграф. Аквизициялық ақша ағындарының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша бухгалтерлік есебі

4. Аквизициялық ақша ағындары есеп саясатына сәйкес аквизициялық шығын туындаған кезде шығыс ретінде танылған жағдайда, аквизициялық шығысты төлеу кезінде (шарттардың талаптарына қарай толық немесе ішінара) мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

аквизициялық шығысты төлеу сомасына:

| | | |
|----|---------|------------------------------------|
| Дт | 1610 01 | Берілген қысқа мерзімді аванстар |
| Кт | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты; |

аквизициялық шығысқа ұшырау фактісін растайтын құжаттар негізінде:

| | | |
|----|---------|-----------------------------------|
| Дт | 7470 35 | Аквизициялық шығыс |
| Кт | 1610 01 | Берілген қысқа мерзімді аванстар. |

5. Аквизициялық ақша ағындары есеп саясатына сәйкес аквизициялық шығын туындаған кезде шығыс ретінде танылған жағдайда, осы шығысты есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

төлеуге жататын сомаға аквизициялық шығысты есептеу кезінде:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 7470 35 | Аквизициялық шығыс |
| Кт | 3390 41 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу |
| | 3390 43 | Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу; |

аквизициялық шығысты төлеу кезінде:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 3390 41 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу |
| | 3390 43 | Қайта сақтанушылармен есеп айырысу |
| Кт | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты. |

6. Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер есеп саясатына сәйкес аквизициялық ақша ағындарының сомасына азайтылған жағдайда, аквизициялық шығысты төлеу кезінде (шарттардың талаптарына қарай толық немесе ішінара) мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

аквизициялық шығысты төлеу сомасына:

| | | |
|----|---------|------------------------------------|
| Дт | 1610 01 | Берілген қысқа мерзімді аванстар |
| Кт | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты; |

аквизициялық шығысты өтеу фактісін растайтын құжаттар негізінде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1620 04 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талаптар |
| Кт | 1610 01 | Берілген қысқа мерзімді аванстар. |

7. Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер есеп саясатына сәйкес аквизициялық ақша ағындарының сомасына азайтылған жағдайда, онда есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) төлеуге жататын аквизициялық шығыс сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1620 04 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талаптар |
| Кт | 3390 41 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу |
| | 3390 43 | Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу; |

2) аквизициялық шығысты төлеу кезінде:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 3390 41 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу |
| | 3390 43 | Қайта сақтанушылармен есеп айырысу |
| Кт | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты; |

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының тобы танылған кезде танылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының тобына жататын аквизициялық шығыс сомасына:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер |
| Кт | 1620 04 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талаптар; |

4) аквизициялық ақша ағындарын есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен бөлу кезінде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7470 35 | Аквизициялық шығыс |
| Кт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер |

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талаптар құнсызданған жағдайда, аквизициялық шығыстың құнсыздануынан зиянды жабуға құрылған резервтер (провизиялар) сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7440 24 | Аквизициялық ақша ағындарының құнсыздануы бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыс |
| Кт | 1290 42 | Аквизициялық ақша ағындары бойынша талаптар бойынша резервтер (провизиялар). |

9. Аквизициялық шығыстың құнсыздануынан зиянды жабуға қалыптастырылған резервтер (провизиялар) қалпына келтірілген жағдайда, мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 1290 42 | Аквизициялық ақша ағындары бойынша талаптар бойынша резервтер (провизиялар) |
| Кт | 6240 42 | Аквизициялық ақша ағындарының құнсыздануы бойынша резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кіріс. |

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талап аквизициялық шығыстың құнсыздануынан зиянды жабуға құрылған резервтер (провизиялар) есебінен есептен шығарылған жағдайда, мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 1290 42 | Аквизициялық ақша ағындары бойынша талаптар бойынша резервтер (провизиялар) |
| Кт | 1620 04 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талаптар. |

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты танылғаннан кейін аквизициялық шығыс төленген жағдайда, мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сақтандыру шарттарының тобына жататын аквизициялық ақша ағындары бойынша міндеттемелер сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер |
| Кт | 3390 15 | Сақтандыру шарттарының тобына жататын аквизициялық ақша ағындары бойынша міндеттемелер ; |

және бір мезгілде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 3390 15 | Сақтандыру шарттарының тобына жататын аквизициялық ақша ағындары бойынша міндеттемелер |
| Кт | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты; |

2) есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен аквизициялық ақша ағындарын бөлу кезінде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7470 35 | Аквизициялық шығыс |
| Кт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер |

12. Аквизициялық ақша ағындарымен байланысты сақтандыру бойынша түсімді тану жөніндегі бухгалтерлік жазбалар Нұсқаулықтың 16-тармағында көзделген.

2-параграф. Сыйлықақыларды бөлу тәсілін пайдалана отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары топтарының бухгалтерлік есебі

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтарын бастапқы тану кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) егер сақтанушының (қайта сақтанушының) бірінші төлемді төлеу күні сақтандырумен қамту кезеңі басталу күніне сәйкес келсе немесе ерте басталса:

сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сыйлықақы сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1280 41 | Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 1280 42 | Қайта сақтандырушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| Кт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер ; |

және бір мезгілде:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты |
| Кт | 1280 41 | Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 1280 42 | Қайта сақтандырушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары; |

2) егер сақтандырумен қамту кезеңінің басталу күні сақтанушының (қайта сақтанушының) бірінші төлемді төлеу мерзімінен ерте басталса:

сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сыйлықақы сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 3390 18 | Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |
| | 3390 19 | Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |
| Кт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер ; |

сақтандыру сыйлықақысын нақты алған кезде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1280 41 | Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 1280 42 | Қайта сақтандырушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| Кт | 3390 18 | Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |

| | | |
|---------------------------|---------|--|
| | 3390 19 | Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары; |
| және бір мезгілде: | | |
| Дт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты |
| Кт | 1280 41 | Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 1280 42 | Қайта сақтандырушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары. |

14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтары бастапқы танылған кезде сақтанушыдан (қайта сақтанушыдан) сыйлықақы алу күні сақтандыру төлемі күнінен кеш басталған жағдайда, мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сыйлықақы сомасына:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 3390 18 | Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |
| | 3390 19 | Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |
| Кт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер); |

сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша қызмет көрсетудің әрбір кезеңіне:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер |
| Кт | 6280 41 | Сақтандыру түсімі (сақтандырудан кіріс); |

және бір мезгілде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1280 41 | Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 1280 42 | Қайта сақтандырушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| Кт | 3390 18 | Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |
| | 3390 19 | Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары; |

сақтандыру сыйлықақысын нақты алған кезде:

| | | |
|----|------|-----------------------------------|
| Дт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты |

| | | |
|----|---------|---|
| Кт | 1280 41 | Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 1280 42 | Қайта сақтандырушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары. |

15. Туындаған сақтандыру зияны бойынша міндеттемелер туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7470 40 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар. |
| Кт | 3390 17 | Туындаған залалдар бойынша міндеттемелер. |

16. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру түсімінің сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер |
| Кт | 6280 41 | Сақтандыру түсімі (сақтандырудан кіріс); |

2) төленуге жататын ақша сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 3390 17 | Туындаған залалдар бойынша міндеттемелер |
| | 7470 41 | Төлем бойынша сақтандыру шығысы |
| | 7470 42 | Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар |
| Кт | 3390 43 | Қайта сақтанушылармен есеп айырысу |
| | 3390 44 | Сақтанушылармен есеп айырысу; |

және бір мезгілде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7470 41 | Төлем бойынша сақтандыру шығысы |
| | 7470 42 | Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар |
| Кт | 7470 40 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар; |

3) нақты төленетін ақша сомасына:

| | | |
|----|---------|------------------------------------|
| Дт | 3390 43 | Қайта сақтанушылармен есеп айырысу |
| | 3390 44 | Сақтанушылармен есеп айырысу |
| Кт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты; |

4) туындаған сақтандыру жағдайы бойынша қайта сақтандыру шарты болған жағдайда:

төленуге жататын ақша сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7470 41 | Төлем бойынша сақтандыру шығысы |
| Кт | 2060 01 | Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау; |

және бірмезгілде тиесілі өтем сомасына:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 1280 46 | Қайта сақтандырушыларға қойлатын талаптар |
| Кт | 6280 55 | Қайта сақтандырудан кіріс; |

5) қайта сақтандыру ұйымынан тиесілі өтеуді нақты алған кезде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты |
| Кт | 1280 46 | Қайта сақтандырушыларға қойлатын талаптар. |

17. Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді көрсету үшін мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 7470 34 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету түріндегі сақтандыру шығысы |
| Кт | 3390 12 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету. |

18. Тәуекелді түзетуді аржылық емес тәуекелге азайтудан кірісті тану кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 3390 12 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету |
| Кт | 6280 33 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайтудан кіріс |

19. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

1) төленбеген сақтандыру сыйлықақылары болған жағдайда:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер |
| Кт | 3390 18 | Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |
| | 3390 19 | Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары; |

2) қайтаруға жататын ақша сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 3390 11 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер |
| Кт | 3390 43 | Қайта сақтанушылармен есеп айырысу |
| | 3390 44 | Сақтанушылармен есеп айырысу; |

3) нақты төленетін ақша сомасына:

| | | |
|----|---------|------------------------------------|
| Дт | 3390 43 | Қайта сақтанушылармен есеп айырысу |
| | 3390 44 | Сақтанушылармен есеп айырысу |
| Кт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты. |

3-параграф. Кейіннен ауыртпалық туындаған кезде сыйлықақыларды бөлу тәсілін пайдалана отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары топтарының бухгалтерлік есебі

20. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының ауыртпалық тобын құратын болашақ байланысты ақша ағындарына қатысты күтулер өзгерген кезде:

1) тәуекелдік түзетуді болашақ ақша қаражат ағынын бағалауға байланысты қаржылық емес тәуекелге түзету мынадай бухгалтерлік жазбамен көрсетіледі:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 7470 31 | Зиянның құрауышы түріндегі сақтандыру шығысы |
| Кт | 3390 14 | Зиянның құрауышы (қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша); |

2) шарттардың ауыртпалық тобы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының ақша ағындары бойынша міндеттемелер құрамындағы зиянның құрауышын тану мынадай бухгалтерлік жазбамен көрсетіледі:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7470 31 | Зиянның құрауышы түріндегі сақтандыру шығысы |
| Кт | 3390 13 | Зиянның құрауышы (сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ақша ағындары бойынша міндеттемелер бойынша). |

4-параграф. Қайта сақтандыру шарттары топтарының бухгалтерлік есебі

21. Ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының тобын бастапқы тану кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

қайта сақтандыру ұйымы алдындағы міндеттемелер сомасына:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 2060 01 | Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау |
| Кт | 3390 42 | Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу; |

және бір мезгілде, қайта сақтандыру ұйымына аударуға жататын сақтандыру сыйлықақыларының сомасына:

| | | |
|----|---------|---------------------------------------|
| Дт | 3390 42 | Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу |
| Кт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты. |

22. Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау амортизациясынан шығысты тану кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 7470 37 | Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау амортизациясы бойынша шығыс |
| Кт | 2060 01 | Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау. |

23. Қайта сақтандыру активін қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қалыптастыру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 2060 03 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі |
| Кт | 6280 56 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активін қалыптастыру бойынша кіріс. |

24. Қайта сақтандыру активін қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша азайтудан шығысты тану кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7470 33 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайту бойынша шығыс |
| Кт | 2060 03 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі. |

25. Ұсталып отырған қайта сақтандыру шарттары мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) қайта сақтандыру ұйымына қойылатын талаптар сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1280 46 | Қайта сақтандырушыларға қойылатын талаптар |
| Кт | 2060 01 | Қайта сақтандыру активі бойынша күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау |
| | 2060 03 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету бойынша қайта сақтандыру активі; |

2) нақты алынған ақша сомасына:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты |
| Кт | 1280 46 | Қайта сақтандырушыларға қойылатын талаптар. |

3-тарау. Бағалаудың жалпы моделі бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру операциялардың бухгалтерлік есебі

1-параграф. Аквизициялық ақша ағындарының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша бухгалтерлік есебі

26. Аквизициялық шығысты төлеу кезінде (шарттардың талаптарына қарай толық немесе ішінара) ауыртпалықты болып табылмайтын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтарын жасасқанға дейін аквизициялық ақша ағындарын көрсету үшін мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

аквизициялық шығыс төлемінің сомасына:

| | | |
|----|---------|------------------------------------|
| Дт | 1610 01 | Берілген қысқа мерзімді аванстар |
| Кт | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты; |

аквизициялық шығыс шегу фактісін растайтын құжаттар негізінде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1620 04 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талаптар |
| Кт | 1610 01 | Берілген қысқа мерзімді аванстар. |

27. Есептеу кезінде ауыртпалықты болып табылмайтын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтарын жасасқанға дейін аквизициялық ақша ағындарын көрсету үшін мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

төленуге тиіс аквизициялық шығыс сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1620 04 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талаптар |
| Кт | 3390 41 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу |
| | 3390 43 | Қайта сақтанушылармен есеп айырысу; |

аквизициялық шығысты төлеу кезінде:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 3390 41 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу |
| | 3390 43 | Қайта сақтанушылармен есеп айырысу |
| Кт | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты. |

28. Танылатын сақтандыру шарттарының тобына жататын аквизициялық шығыс сомасына сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының тобы бірмезгілде танылған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 4040 11 | Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау |
| Кт | 1620 04 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша аквизициялық шығыс бойынша талаптар. |

29. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аквизициялық ақша ағындарын бөлу кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7470 35 | Аквизициялық шығыс |
| Кт | 4040 11 | Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау. |

2-параграф. Ауыртпалықты болып табылмайтын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары топтарының бухгалтерлік есебі

30. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының топтарын бастапқы тану кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) егер сақтанушының (қайта сақтанушының) бірінші төлемді төлеу күні сақтандырумен қамту кезеңі басталу күніне сәйкес келсе немесе ерте басталса:

сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сыйлықақы сомасына:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 1280 41 | Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 1280 42 | Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 4040 11 | Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау |
| Кт | 4040 12 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа |
| | 4040 13 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету; |

және бір мезгілде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты |
| Кт | 1280 41 | Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 1280 42 | Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары; |

2) егер сақтанушының (қайта сақтанушының) бірінші төлемді төлеу күні сақтандырумен қамту кезеңі басталу күніне сәйкес келсе немесе ерте басталса:

сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржаның және қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің сомасына:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 4040 17 | Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |
| | 4040 18 | Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |
| Кт | 4040 12 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа |
| | 4040 13 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету; |

сақтандыру сыйлықақысын нақты алған кезде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1280 41 | Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 1280 42 | Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| Кт | 4040 11 | Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау |
| | 4040 17 | Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |
| | 4040 18 | Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары; |

және бір мезгілде:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты |
| Кт | 1280 41 | Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары |
| | 1280 42 | Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары. |

31. Ақшаның уақытша құнының әсерін көрсету кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау бойынша қаржылық шығыс сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 7470 32 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша қаржылық шығыс |
| Кт | 4040 11 | Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау; |

2) шартта көзделген қызметтер үшін маржа бойынша қаржылық шығыссомасына:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 7470 32 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша қаржылық шығыс |
| Кт | 4040 12 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа. |

32. Қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетуді азайтудан түскен кірісті тану кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 4040 13 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету |
|----|---------|---|

| | | |
|----|---------|---|
| Кт | 6280 33 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайтудан кіріс |
|----|---------|---|

33. Шартта көзделген қызметтер үшін маржаның амортизациясынан түскен кірісті тану кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 4040 12 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа |
| Кт | 6280 34 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа амортизациясынан түсетін кіріс. |

34. Болашақ кезеңдердің қызметтеріне жататын қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету ұлғайған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 4040 12 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа |
| Кт | 4040 13 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету. |

35. Ақша қаражатының болашақ ағындарының келтірілген құнының есептік бағалаулары ұлғайған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 4040 12 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа |
| Кт | 4040 11 | Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау. |

36. Болашақ кірістілікті ұлғайтатын болашақ байланысты ақша ағындарына қатысты күтулер өзгерген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) болашақ кезеңдердің қызметтеріне жататын қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетуді азайтқан кезде:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 4040 13 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету |
| Кт | 4040 12 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа; |

2) ақша қаражатының болашақ ағындарының келтірілген құнының есептік бағалаулары азайған кезде:

| | | |
|----|---------|---|
| Дт | 4040 11 | Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау |
| Кт | 4040 12 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа. |

37. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырады:

1) төленбеген сақтандыру сыйлықақылары болған жағдайда:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 4040 11 | Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау |
| | 4040 12 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа |

| | | |
|----|---------|--|
| | 4040 13 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету |
| Кт | 4040 17 | Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары |
| | 4040 18 | Шығарылған қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары; |

2) төленуге тиіс ақша сомасына:

| | | |
|----|---------|--|
| Дт | 4040 11 | Күтілетін ақша ағындарын ең жақсы бағалау |
| | 4040 12 | Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша маржа |
| | 4040 13 | Қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету |
| Кт | 3390 43 | Қайта сақтанушылармен есеп айырысу |
| | 3390 44 | Сақтанушылармен есеп айырысу; |

3) нақты төленетін ақша сомасына:

| | | |
|----|---------|------------------------------------|
| Дт | 3390 43 | Қайта сақтанушылармен есеп айырысу |
| | 3390 44 | Сақтанушылармен есеп айырысу |
| Кт | 1010 | Кассадағы ақша қаражаты |
| | 1030 | Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты. |

3-параграф. Кейіннен олар бойынша ауыртпалық туындаған кезде ауыртпалықты болып табылмайтын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары топтарының бухгалтерлік есебі.

38. Осы тараудың 2-параграфына сәйкес ескерілетін, кейіннен сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының ауыртпалықты тобын құратын сақтандыру шарттарының болашақта байланысты ақша ағындарына қатысты күтулер өзгерген кезде:

